

**Байгундинов Ельдос Нагымбайұлының 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша философия (Phd) докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық - құқықтық ерекшеліктері (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына**

### **ШІКІР**

Қылмыстылықпен күрес әрқашан адамзат тарихының барлық кезеңдерінде өзекті болып табылады, өйткені адамға, қоғамға және мемлекетке қауіп төндіреді. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар – мемлекеттегі болып жатқан жағдайдың әлеуметтік индикаторы. Бұл құқық бұзушылықтың түрі қоғамда болып жатқан жағдайға ерекше әсер етеді. Кәмелетке толмағандарға қарсы құқық бұзушылығының өсуі қоғамдағы қолайсыз әлеуметтік процестер туралы мәлімет береді.

Әлемнің барлық елдерінің экономикасын зерделеуді негізге ала отырып, мамандар экономикалық өсудің тек 16%-ына физикалық капитал, 20%-ына табиғи, 64%-ына адам капиталы септігін тигізетінін есептеп шығарған. Адам капиталы мемлекеттің экономикалық өсуінің қайнар көзіне жатады. Сондықтан «Жаңа Қазақстан» құру үшін мемлекетіміздің болашағы жастарға инвестиция ретінде қарауымыз қажет. Ал Ата Заңымыздың негізгі мақсаты – қоғамның жағдайын және оның үдемелі даму болашағын айқындайтын ана, бала және отбасы сияқты өзара байланысты институттарды мемлекеттік қорғау талаптарын біріктіреді.

Ананың жаңа туған нәрестені өлтіруі - өте кең таралған қылмыс, бірақ бұл әрекетті квалификациялауда әлі де аздаған қиындықтар бар. Тұлғаға қарсы бағытталған қылмыстардың ішіндегі ең қауіптісі – кісі өлтіру. Әйелдің тоғыз ай көтерген шаранасын өлтіру аса ауыр қылмыс болып табылады. Статистикалық мәліметтерді зерделей келе, соңғы жылдары нәрестелерді өлтіру саны артып келеді деген қорытындыға келуге болады.

Жаңа туған баланы анасының өлтіру қылмыстық құқық бұзушылығы көп қырлы әлеуметтік-құқықтық құбылыс екендігіне дау жоқ. Бұл мәселесінің отандық заң ғылымында жаңа туған баланы анасының өлтіру қылмыстық құқық бұзушылығы туралы жазылған іргелі жұмыстардың бірі деп біліп, Е.Н.Байгундиновтың бұл диссертациясы осы мәселенің заңды күші бар заңнама негізіндегі теориялық және қолданбалы аспектілерін әзірлеуге арналған кешенді жаңа монографиялық зерттеу жұмысы болып табылатындығын арнайы белгілегім келеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында жаңа туған баланы анасының өлтіруінің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері ашылып көрсетілген. Жұмыста жаңа туған баланы анасының өлтіруінің тарихи аспектілері анықталады, жаңа туған баланы анасының өлтіру қылмыстық құқық бұзушылығының объективтік және субъективтік белгілеріне байланысты қылмыстық заңнаманы жетілдіру ұсыныстары берілген.

Зерттеу жұмысының объектісі мен пәні нақты, әрі дәл белгіленіп, қойылған міндеттерді шешу жолдары көрініс тапқан, диссертацияның құрылымы мен көлемі зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес берілген. Жұмыс мазмұны жоспарға сәйкес егжей-тегжейлі, дәлелді, заң тұрғысынан сауатты, әрі қисынды түрде ашылған.

Диссертант жүргізген зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жаңа туған баланы анасының өлтіруінің қылмыстық-құқықтық аспектілеріннің кемшілікті тұстары қамтылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 100-бабында көзделген қылмыс құрамы талданады, сондай-ақ ғылыми әдебиетті, нормативтік актілерді, статистикалық материалдарды, өз бетінше алынған эмпирикалық деректерді жан-жақты зерделеу негізінде теориялық және қолданбалы сипаттағы мәселелер қаралған.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен нақтылығы әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз етілген. Ғылыми зерттеудің методологиялық негізін жалпы философиялық және арнаулы ғылыми әдістер танымы, жүйелілік, аналитикалық, синтездеу және синтаксистік әдістер құрайды. Арнаулы ғылыми әдіс ретінде формальды логика, тарихи, салыстырмалы-құқықтық, әлеуметтану, жүйелілік-құрылымдық және статистикалық әдістер пайдаланылған. Құрылымдық байланысы нашар әрі латенттік себеп-салдарлы байланысымен, кешенді мазмұнының күрделілігімен сипатталатын зерттеу пәнін ескере отырып, зерттеу әдісінде басшылыққа алынғаны – жүйелік талдау болып табылады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері диссертацияда тұжырымдалған ғылыми және теориялық ережелерді, тұжырымдар мен ұсыныстарды енгізумен анықталады, бұл ішкі істер органдарының және жаңа туған балаларды өлтірудің алдын-алу бойынша басқа да алдын-алу субъектілерінің қызметін едәуір жақсартады. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған негізгі тұжырымдар қылмыстық құқықтың теориялық мәселелерін жетілдіруге көмектеседі.

Зерттеу жұмысымен айналысу кезінде диссертант өзін табанды, әрі қабілетті зерттеуші, қылмыстық құқық және криминология теориясы мен практикасы үшін маңызы бар мәселелерді көре білетін және оны шешу жолын таба білетін ізденгіш ізденуші ретінде көрсете білді. Ол өзі зерттеген мәселе бойынша өзіндік жаңалығы мен бірегей ерекшелігі бар бағыт таңдап, жұмысында қылмыстық құқық әрі ғылыми танымның басқа салалары бойынша көптеген теориялық әзірлемелерді зерделеп, кең ауқымдағы эмпирикалық материалдарға талдау жасаған. Ол жаңа туған баланы анасының өлтіруінің қылмыстық-құқықтық құқық бұзушылығымен күресуге байланысты отандық және шетел тәжірибесіне тоқталып, олардың озық үлгілерімен бөліскен, әсіресе өмірден алған деректерімен ғылыми пайымын уәждеуі жұмыстың салмағын арттыра түседі.

Жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы зерттеліп отырған тақырыптың ғылыми ұғымын дамытуға, базалық дефиницияларды нақтылау

және қылмыстық құқық теориясында бар олқылықтарды жоюға үлес қосуымен айқындалады.

Кез келген шығармашылық жұмыс сияқты диссертацияда пікірталас тудыруы мүмкін тұжырымдар мен қорытындылар бар. Тақырыпқа қатысты пікірталастар оның ғалымдар арасында теориялық және практикалық қызығушылық тудыратындығын және тиісті мәселелерді талқылау арқылы оны зерттеу бойынша жаңа бағыттарды айқындау мүмкіндігін алатындығымызды көрсетеді.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары жаңа туған баланы анасының өлтіруінің қылмыстық-құқықтық мәселелері бойынша ұлттық заңнамамызды жетілдіру және оңтайландыру мақсатындағы ұсыныстары мен тұжырымдары оң бағаға ие болды. Диссертанттың ғылыми жаңалыққа ие тұжырымдары мен қорытындыларының шынайылығы өзге авторлардың қол жеткізген нәтижелерімен салыстырылып, өзі жинақтаған эмпирикалық материалдар нәтижесімен дәлелденген.

Диссертацияны қажетті теориялық деңгейде орындалған жеке монографиялық жұмыс ретінде қарастыруға болады. Ол автордың жазған жаңа ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жиынтығын білдіреді. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми мақалаларда жарық көрген.

Е.Н. Байгундинов ғылыми пікірталасқа түсуде өзін ойын ғылыми негізделген дәлелдермен бекітіп, ойын жүйелей білетін ізденуші ретінде танытты. Жұмыс түсінікті ғылыми тілде жазылып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық зерттеулерге қоятын талаптарына сәйкес келеді.

Осы айтылғандар негізінде, Ельдос Нағымбайұлы Байгундиновтің «Анасының жаңа туған баланы өлтіруінің қылмыстық-құқықтық ерекшеліктері (қылмыстық – құқықтық және криминологиялық аспектілері)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын талаптарға сәйкес келеді деп танылып, жұмыста қылмыстық құқыққа қатысты ғылымдарды жетілдіру үшін маңызы бар міндеттерді шешу орын алған деп пайымдап, жұмыс жария түрде қорғауға ұсынылады және Е.Н. Байгундинов осы еңбегі үшін 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Отандық ғылыми кеңесші:**

**Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**жалпы заң пәндері кафедрасының доценті,**

**полиция подполковнигі, PhD докторы**

**Күмісбеков С.К.**

